

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери бөлімдері мен мекемелерінің жұмысшыларына еңбек сіңірген жылдары үшін пайыздық үстемеақы белгілеудің тәртібі туралы ережелерді қолданысқа енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрінің 2002 жылғы 23 сәуірдегі N 177 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 26 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1892. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2010 жылғы 24 мамырдағы N 205 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2010.05.24 N 205 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 P020041_ қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметкерлеріне жалақы төлеуді ретке келтіру үшін

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери бөлімдері мен мекемелерінің жұмысшыларына еңбек сіңірген жылдары үшін пайыздық үстемеақы белгілеудің тәртібі туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері әскери бөлімдерінің командирлері, мекемелер бастықтары Ережелердің 7-тармағына сәйкес жұмысшыларға еңбек сіңірген жылдары үшін пайыздық үстемеақы белгілеу жөнiндегi комиссия құрсын.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген сәттен бастап қолданысқа

енгізіледі және 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынасқа таратылады.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің экономика және қаржы жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Бұйрық жекелеген әскери бөлімдерге дейін жеткізілсін.

Генерал-полковник

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау вице-министрі

БЕКІТІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2002 ж. 23 сәуірдегі

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери
бөлімдері мен мекемелерінің жұмысшыларына еңбек
сіңірген жылдары үшін пайыздық үстемеақы белгілеудің
тәртібі туралы
ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері мен мекемелерінің (бұдан әрі әскери бөлімдер) жұмысшыларына Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдерінде жұмыс істегені үшін пайыздық үстемеақы төлеу белгіленген. Осы Ережелерде көзделген жағдайларда, ол үшін пайыздық үстемеақы төленетін жұмыс стажына, әскери бөлімдердегі жұмысымен қатар, басқа кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда жұмыс істеген кезеңдері, сондай-ақ осы Ережелердің тиісті тармақтарында мазмұндалған өзге қызмет кезеңдері енгізіледі.

Осы Ереже Қарулы Күштерде жұмыс істегені үшін жұмысшыларға пайыздық үстемеақы алуға құқық беретін жұмыс стажын есептеу кезінде қолданылады.

2. Қарулы күштерде жұмыс істегені үшін пайыздық үстемеақы жұмысшылардың негізгі лауазымы бойынша лауазымдық жалақыларына (ставкаларына), төмендегідей еңбек сіңірген жылдары үшін мынадай мөлшерде ай с а й ы н т ө л е н е д і :

3	жылдан	жоғары	-	10	пайыз;
5	жылдан	жоғары	-	15	пайыз;
10	жылдан	жоғары	-	20	пайыз;
15	жылдан	жоғары	-	30	пайыз;
20	жылдан	жоғары	-	40	пайыз.

3. Еңбек сіңірген жылдары үшін пайыздық үстемеақы:

1) кесімді ақыдағы жұмысшыларға - ақы төлеудің тиісті разрядтары бойынша белгіленген тарифтік ставкалардан (кесімді жалақыдан емес), кесімді еңбекақы төлеудің белгіленген тәртібіне көшірілген басқа қызметкерлерге, - осы қызметкерлерге штатқа және штаттық кестеге сәйкес белгіленген лауазымдық ж а л а қ ы л а р д а н ;

2) жоғарыдағыдай ақы төленетін лауазымдарды уақытша алмастыруға белгіленген тәртіппен жіберілген жұмысшыларға, - негізгі лауазымдағы ж а л а қ ы с ы н а қ а р а й е с е п т е л е д і .

4. Маусымдық жұмыстармен айналысатын уақытша жұмысшыларға еңбек

сіңірген жылдары үшін пайыздық үстемеақы төленбейді.

2. Қарулы Күштерде жұмыс істегені үшін жұмысшыларға пайыздық үстемеақы алу құқығын беретін жұмыс стажын есептеу

5. Қарулы Күштерде жұмыс істегені үшін пайыздық үстемеақы алу құқығын беретін жұмыс стажына, жұмысшылардың осы әскери бөлімде жұмыс істеген б а р л ы қ у а қ ы т ы к і р е д і .

6. Қарулы Күштерде жұмыс істегені үшін пайыздық үстемеақы алу құқығын беретін жұмыс стажына, сондай-ақ:

1) басқа әскери бөлімдерде, соның ішінде бұрынғы КСРО-ның әскери бөлімдерінде жұмыс істеген;

2) теріс себептермен қызметтен шығарылған адамдардан басқа, офицерлік құрамдағы адамдардың, прапорщиктердің, мичмандардың, Қарулы Күштердегі мерзімсіз қызметтегі әскери қызметшілердің (келісім-шарт бойынша әскери қызметшілердің), Қарулы Күштердегі әскери қызметші - әйелдердің, ішкі, шекара әскерлерінде, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағының азаматтық қорғаныс басқармалары органдары мен бөлімшелерінде, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті органдары жүйесінде, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінде және Республикалық ұланда міндетті әскери қ ы з м е т і н ө т к е р г е н ;

3) теріс себептермен қызметтен шығарылған адамдардан басқа, басшы құрамдағы адамдардың ішкі істер органдары жүйесінде қызмет өткерген, прокуратура органдарында қызмет, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағының сот аппараттарында, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетінде жұмыс істеген;

4) Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағының соттарында, прокуратурасында, ішкі істер органдарында, КСРО-ның мемлекеттік қауіпсіздік комитеті органдарында, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары мен бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінде еңбек сіңірген жылдарына үстемеақы алу құқығын беретін лауазымдарда жұмыс істеген;

5) заңдарға сәйкес берілетін жүктілігі мен тууы бойынша демалыс, сондай-ақ баланың күтімі жөніндегі жалақысы сақталмайтын қосымша демалыс;

6) егер шетелге жіберер алдында қызметкер Қарулы Күштердің әскери бөлімдерінде жұмыс істеген болса және көшу уақытын есептемегенде, шетелден қайтып келген күнінен бастап екі айдың ішінде мемлекеттік мекемеге қызметке тұрса, шетелде жұмыс істеген;

7) егер қызметкер курсқа түскенге дейін Қарулы Күштердің әскери

бөлімдерінде, мекемелерінде, кәсіпорындары мен ұйымдарында жұмыс істесе және оны бітірген соң осы ұйымдарға қайта оралса, оның кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарында мемлекеттік органдар жолдамасымен жұмыстан қол үзіп оқыған;

8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі мамандығымен ұқсас мамандықтағы лауазыммен ұйымдарда жұмыс істеген;

9) заңсыз босатылған жағдайда мәжбүрлі қалу уақыты кіреді.

Мамандықтары бойынша жұмыс стажын анықтау үшін қызметкерлердің жекелеген санаттары бойынша штатта көрсетілген "есепке алынған мамандық" (ЕМ) деген бағанды басшылыққа алу қажет.

3. Жұмыс стажын белгілеу тәртібі

7. Қарулы Күштерде жұмыс істегені үшін жұмысшыларға пайыздық үстеме ақы алу құқығын беретін жұмыс стажын, командирлерінің қызметкерлерді жұмысқа қабылдауға және жұмыстан босатуға құқығы бар әскери бөлімдерде құрылатын жұмыс стажын белгілеу жөніндегі комиссия белгілейді.

Комиссия құрамында әскери бөлім командирінің орынбасары-комиссия төрағасы және мүшелері: қаржы органының бастығы (бас бухгалтер), кадрлар бөлімінің бастығы немесе кадрлар жұмысымен шұғылданатын басқа адам және сайланбалы кәсіподақ органының төрағасы бар әскери бөлім (мекеме) командирінің бұйрығымен құрылады.

8. Мамандығы бойынша жұмыс стажын анықтау үшін еңбек кітапшасы (ол болған жағдайда) немесе жеке еңбек шарты не қабылдау және босату туралы бұйрықтан көшірме, істеген қызметінің тізімі, ал әскери қызметтен босаған азаматтар үшін - әскери билет немесе жұмыс (қызмет) стажын растайтын басқа құжат негізгі құжат болып табылады.

9. Жұмыс істеген кезеңдер туралы қажетті жазбалар жоқ не жазбалар дұрыс емес немесе дәл емес жағдайларда, жұмыс стажын растауға анықтамалар, жеке шоттар мен жалақы беруге арналған ведомосттар, жұмыстар мен қызметтер кезеңдері туралы мәліметтер бар, заңдарда көзделген және өзге құжаттар қабылданады. Мамандығы бойынша жұмыс стажын куәгерлермен айғақтау заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Анықтама жеке құрамды есепке алу жөніндегі құжаттарды стажды растайтын және басқа құжаттардың негізінде беріледі. Әскери бөлімдердің командирлері анықтамаға қол қойған кезде, соның негізінде анықтама берілетін құжаттармен тікелей танысуға міндетті.

10. Комиссияның жұмысы мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) стажы белгіленетін қызметкер отырысқа шақырылады;

2) еңбек кітапшасы, әскери билет, анықтамалар және басқа құжаттар тексеріледі. Бұл құжаттар хаттамада көрсетіледі;

3) жұмыс стажы белгіленеді, жұмыс стажына кіруге тиісті кезеңдер, аталған адамның осы кезеңдерде кім болып және қай әскери бөлімдерде (мекемелерде, кәсіпорындарда, ұйымдарда) жұмыс істегені айқындалады.

Осы тәртіпке сәйкес есептелетін жұмыс стажы күнтізбелік есептеуде ескеріледі.

Комиссияның жұмыс стажын белгілеу туралы шешімі хаттамамен ресімделеді, оған комиссияның төрағасы мен мүшелері қол қояды және әскери бөлімнің мөрімен бекемделеді.

11. Комиссия төрағасы қол қойған және әскери бөлімнің мөрімен

бекемделген, жұмысшыларға еңбек сіңірген жылдары үшін пайыздық үстемеақы алуға құқық беретін, жұмыс стажын белгілеу туралы шешім қабылданған отырыс хаттамасының көшірмесі, әрбір қызметкерге жеке-жеке үш данада ресімделеді және: біреуі - кадр қызметіне, екіншісі - қаржы органына беріледі, үшіншісі қызметкердің қолына беріледі.

12. Еңбек сіңірген жылдары үшін пайыздық үстемеақы алу құқығы күнтізбелік ай ішінде туындаған қызметкерлерге, жұмыс стажының көбеюіне байланысты есептеу осындай құқық туындаған күннен бастап жүзеге асырылады.

13. Комиссия шешіміне шағым заңдарда белгіленген тәртіппен қаралады.

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.